

Отбасындағы қатыгездіктің жасөспірімнің эмоционалдық жай-күйіне ықпалы

Жиентаева Бегайым Жиентаевна

п.ғ.к., доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университі

Муслимова Марал Жунисовна

«Тұран-Астана» университетінің магистранты

Түйіндеме. Мақалада отбасындағы қатынас жасөспірімның эмоционалдық жағдайына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі. Ал, жасөспірім бойындағы түрлі эмоциялық ерекшеліктердің көрінуіне ата-ана тарапынан көрсетілген мейірімділік пен қатыгездікке негізделеді. Отбасы бұл баланың тұлғалық, адами құндылықтары қалыптасатын алғашқы әлеуметтік институт. Отбасындағы ата-ана арасындағы жағымсыз қарым-қатынас пен бала тәрбиесіне қатысты қатыгездік пен қаталдық баланың психикасын жаралап, зиян келтіретін факторлардың бірі. Ең алғашқы қатыгездік көршілік жасөспірім қоршаған ортада емес өзінің туған отбасында тап болып жатады.

Кілтті сөздер: отбасы, отбасы құндылығы, ата-ана мен бала қатынасы, ата-ана қатгездігі, эмоция, эмоциялық ерекшелік, эмоционалдық жай-күй.

Аннотация. В статье говорится, что отношения в семье являются одним из важнейших факторов, влияющих на эмоциональное состояние подростка. А проявление различных эмоциональных особенностей в подростковом возрасте основывается на проявленной доброте и жестокости со стороны родителей. Семья это первый социальный институт, в котором формируются личностные, человеческие ценности ребенка. Негативные отношений между родителями и жестокость воспитания детей в семье являются одними из факторов, которые травмируют психику ребенка. Самое первое жестокость по отношению к подростку иногда случается со своей родной семьей, а не с окружающей средой.

Ключевые слова: семья, ценности семьи, отношения родителей и детей, родительская толерантность, эмоция, эмоциональная специфика, эмоциональное состояние.

Annotation. The article says that family relationships are one of the most important factors affecting the emotional state of a teenager. And the manifestation of various emotional characteristics in adolescence is based on the kindness and cruelty shown by parents. The family is the first social institution in which the personal, human values of the child are formed. Negative relationships between parents and the cruelty of raising children in the family are among the factors that traumatize the child's psyche. The very first cruelty towards a teenager sometimes happens to his own family, and not to the environment.

Keywords: family, family values, parent-child relations, parental tolerance, emotion, emotional specificity, emotional state.

Отбасы баланың алғашқы тұлғалық қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік институт. Отбасында бала өзін қауіпсіз сезініп, бақытты күндерін өткізеді. Дегенменде, кейде баланың қатыгездікке тап болуы да отбасын

болып жатады. Кейбір жағдайларда бала тәрбиесінде ата-аналар бала тәрбиесінде баланы тәртіпке шақырып, жаман әдеттерден аулақ болуға үйретуде балаға қатысты қатыгездік танытады, яғни ұрып-соғу арқылы тәрбиелеуге басымдылық беріп жатады. Әрине бұл өз кезегінде баланың жанында орны толмас жара салып, психикасына зиян келтіріп жатады. Өз отбасынан қатыгездік көрген бала, қоршаған ортаға қатысты қатыгездік танытады деген пікірде бары сөзсіз.

Қазіргі таңда қоғамда отбасылық проблемалардың туындауының бірнеше себептері бар, мысалы, неке тұру мен оны бұзу еркіндігі; некеге тұру жасының кешуілдеуі; «азаматтық» некелерге басымдылық берілуі; отбасындағы балалар санының аздығы немесе «эко» балалар; жас отбасылардың ата-аналарынан, басқада үлкендерден бөлек тұрып, дербес отбасы болуға деген ұмтылысы, т.б. Бұл проблемалар отбасындағы түрлі қақтығыстардың орын алуына негіз болары сөзсіз. Ал, отбасындағы атмосфера, көңіл-күй өз кезегінде балалардың эмоционалдық жағдайына ықпал етеді. Сондықтанда жасөспірім бойында пайда болған эмоционалдық жағдайларды талқылауда міндетті түрде отбасының құрамын, ата-аналардың өзара қарым-қатынасын қарастыру қажет. Себебі, бала кезінен отбасында ата-ананың түрлі қақтығыстарын көріп өскен баланың жасөспірімдік кезеңде эмоционалдық толқулары айқын байқалады.

Жалпы жасөспірімдік кезеңде бала бойында түрлі өзгерістер болатындығы, оның ішінде эмоционалдық жай-күйінде қарқынды өзгерістердің орын алатындығын білеміз. Бұл әрине баланың гормоналдық жетілуімен қатар, мінез-құлқындағы өзгерістердің болуы, құндылықтардың ауысуымен байланысты байқалатын эмоциялар.

Эмоциялар – нақты бір ақпараттық жүйе және олар қоршаған орта туралы ақпараттардың және орын алған жағдайға қатысты ауқымды деректердің жиынтығы деп Мэри Ламиа [1] «Эмоциялар! Сезімдердің мәні неде?» атты еңбегінде атап көрсетеді. Демек, эмоциялар адам өмірінде орын алған жағдайларға жауап реакциясы. Біз эмоцияларға қарап, болып жатқан жағдай қаншалықты жағымды немесе жағымсыз екендігі туралы топшылай аламыз.

Ал, эмоциялар біздің денеміз арқылы сезілгенімен, оо бс миынан бастау алады. себебі ми қоршаған ортадағы жағдайларды бағалап, автоматты және бейсаналы түрде эмоциялық жауап қайтаруға қабілетті. Ал, ми бізге қоршаған ортадан келіп түскен ақпаратты өңдеп, рефлексиялап, тиісті жауапты қатарады. Кейбір болып жатқан жағдайларға біз кейде эмоциямызды да білдірмейміз, бұл болып жатқан жағдай бізге мүлдем әсер етпеді дегенді білдірмейді. Ми тек адам назарын аударуға тұрарлық жағдайларға ғана эмлциялар тудырады. Жалпы эмоциялар адамда сезімдерді ғана оятып қоймай, ойды қалптастыруға бастау болып табылады. Сондықтанда кейбір жағымсыз жағдайлардан ашу-ыза туындап, адам оған ырық беріп, өзін жайсыз сезінсе, бұл балада жағымсыз ойлардың туындауына негіз болады. Сондықтанда отбасындағы ата-аналар балаларына жағымды қарым-қатынас орнатып, өздерінше мейірімділік көрсеткенімен, олардың арасындағы түрлі

А.Ш.Танирбергенова, Л.С.Құлжабаеваның [5] когнитивті модель негізінде жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқу себептеріне бағытталған зерттеулерінде адамның эмоциясы мен мінез-құлық ерекшеліктері оның өмірінде орын алған жағдайлармен байланыстылығында екендігін айтады. Демек, жасөспірімнің эмоционалды күйіне болып жатқан жағдайға қарағанда, жасөспірімнің сол жағдайды қалай қабылдағаны көбірек ықпал етеді. Отбасындағы ата-ана арасындағы қарым-қатынасты, қақтығыстарды бала қалай қабылдаса, соған сәйкес түрлі эмоциялар пайда болады деуге де болады. Дегенменде бұл әлі де зерттеуді қажет етеді.


Отбасындағы қарым-қатынас елімізді жайлаған пандемия жағдайында өткірлене түсті деуге негіз бар. Себебі, көптеген басылымдар, ғылыми зерттеулер отбасындағы әлеуметтік жағдайдың күрделенуінен, отбасылық қақтығыстар, әйеліне қол көтеру санының арты асқандығын жарыса жазды. Себебі, адамдар карантинде күні бойы оқшауланып үйде отырды, балалар мектепке сабаққа бармады, онлайн жұмыс пен сабақ пайда болды. Жалпы пандемия салдарынан экономикалық проблемалар да орын алды, мысалы, қымбатшылық, компьютер, ноутбук сынбы техникаларды жоспардан тыс сатып алу арқылы отбасы бюджетіне шығын келуі, сынды проблемалар отбасындағы қарым-қатынасты шиелендіре түсті. Бұл өз кезегінде ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты қатыгездік пен қаталдық көрсетуіне ықпал етті. Осындай күрделі жағдайлар әрине жасөспірімдердің эмоционалды жай - күйіне ықпал етері сөзсіз. Бұндай эмоционалдық жай-күй жасөспірімде мазасыздануды туындатады. Мазасыздық көп жағдайда өзінің тұлғалық қасиеттеріне, өміріне қатысты туындайтын сәтсіздіктермен байланысты болады. Дегенменде бұл жасалған пайымдар қорытынды жасауға негіз бола алмайды. Сол себепті эксперименттік зерттеуді қажет етеді.

Біз анықтау эксперименті барысында жасөспірімдердің отбасындағы қарым-қатынасқа көзқарасы мен отбасында болып жатқан жағдайларды қабылдауына байланысты сауалнама алдық.

Сауалнама бойынша келесідей нәтижелерге қол жеткіздік.

Анықтау эксперименті қатысқан эксперимент тобында 13 респондент толық отбасынан, 6 респондент толық мес отбасынан және аралас отбасынан 5 респондент қатысты. Бақылау тобынан анықтау экспериментіне толық отбасында тәрбиеленіп жатқан 8 респондент, 7 респондент толық емес отбасынан, 7 респондент аралас отбасынан қатысты. Қатысушылардың жастары 13 және 12 жаста, барлық респонденттердің 21 ер балалар, 26-сы қыз балалар. Бұл экспериментке қатысушылардың жас және жыныстық ерекшелігі бойынша, отбасы құрамына сәйкес талдануы нәтижесі.

Экспериментке қатысушылардың отбасылық құрамының ерекшелігі туралы мәліметтің пайыздық көрсеткіші



■ Толық отбасы ■ Толық емес отбасы ■ Аралас отбасы

Диаграмма 1 – Экспериментке қатысушы респонденттердің отбасылық құрамы бойынша жіктелуі

Ассоциативті әдістің көмегімен отбасындағы қатынасты қабылдауы мен оған қатысты көзқарастарын анықтау жұмысы ұйымдастырылды.

Ассоциативтік әдіс кеңінен таралған қарапайым әдістердің бірі. Зерттелуші респонденттерге мағынасы бір-бірімен сәйкес келмейтін сөздер кездейсоқ реттілікпен ұсынылады. Зерттелуші ұсынылған сөзге ойланбастан алғашқы ойына келген ассоциацияны айтуы керек.

Зерттелушілерге келесі сөздер қатары ұсынылды: отбасы, агрессия, ашу, қуаныш, дос, үй, эмоция, тыныштық, көше, қақтығыс, ата-ана, ұрыс. Біз бұл әдістемені жүргізу барысында отбасы, үй, ата-ана, қақтығыс, агрессия, ұрыс сөздеріне ассоциацияларды экспериментатор тіркеп отырады. Әдістеме бойынша респонденттердің жауаптарына талдау жасалып, жауаптар шартты түрде келесідей топталды:

1-топ: берілген сөздер қатарына қатысты жағымсыз ассоциациялардың анық белгілерін білдіргендер;

2-топ: берілген сөздер қатарына қатысты ассоциацияларда бейтарап эмоция көріністерін білдіргендер;

3-топ: берілген сөздер қатарына қатысты ассоциацияларда жағымды эмоция көріністерін білдіргендер;

1-кесте. Ассоциация әдісінің көмегімен баланың отбасы және оған қатысты қатынастарға байланысты эмоция көріністерін анықтау

Жауаптардың топталуы	Эксперимент тобы (24 респондент)	Бақылау тобы (23 респондент)
----------------------	-------------------------------------	---------------------------------

	Саны	Пайыздық көрсеткіші	Саны	Пайыздық көрсеткіші
1-топ	7	29,2%	8	34,7%
2-топ	5	20,8%	4	17,3%
3-топ	12	50%	11	47,8%

Кестеде берілген деректердің пайыздық көрсеткіштері келесі диаграммада берілді.




Диаграмма 1. Ассоциация әдістемесі бойынша алынған нәтижелердің талдануы мен салыстырмалы көрсеткіші.

Ассоциация әдістемесі бойынша балалардың отбасы, агрессия, ата-ана, үй, қақтығыс сөздеріне қатысты ассоциацияларына қатысты эмоциялық көріністерінің ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, балалардың отбасына және ата-анасына деген қатынасы туралы жылпылама мәлімет алдық. Әрі қарай отбасында бала қандай жағдайлармен бетпе-бет келетіндігін және оны қалай қабылдайтындығын білу мақсатында проективті әдістеме мен ата-ана мен бала қатынасын анықтауға бағытталған нақты әдістемелер жүргізу жоспарланды.

Жалпы ойымызды түйіндей келе, жасөспірімнің эмоционалды жағдайы, оның отбасындағы қарым-қатынасымен, ата-ана мен бала қатынасына және ата-ана тарапынан балаға қатысты көрсетілетін мейірімділік пен қатыгездік шегінде орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мэри Ламия. Эмоциялар! Сезімдердің мәні неде? [Emotions!: making sense of your feelings I by Mary Lamia]. – Астана: Bilim Foundation, 2018. – 138б.

2. Ekman, P. (1992). Are there basic emotions? *Psychological Review* [Базалық эмоциялар бар ма?], 99(3), 550-553.
3. Изард
- 4 Cattell, R., & Scheier, I. (1961). The meaning and measurement of neuroticism and anxiety [Невротизм мен мазасыздықтың мәні мен өлшемі]. New York, NY: Ronald
5. Кулжабаева Л.С., Танирбергенова А.Ш. Когнитивті модель негізінде мінез-құлық ауытқуларының себеп-салдарына шолу. //Вестник АПН Казахстана, №4, 2020. – Б.112-117.